

Анықтама

Өткізілген күні: 09.09.2023 ж

Мектебі: ЖШС «Ваву Сіту»

Сыныбы: 1 «А», «Ә», «Б», «В», «Г»

Қатысқан оқушы саны: 57

Жұмыс түрі: Әңгіме, тренинг

Тақырыбы: «Мектеп – бұл біздің екінші үйіміз»

Әңгіменің мақсаты: - Оқушылардың мектепті ортақ үйі ретіндегі көзқарастарын қалыптастыра отырып, дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.

Міндеттері: - оқушыларды жауапкершілікке, үлкендерге құрмет көрсетуге үйрету, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту. - үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу. Баланың мектепке бейімделуі – өте ұзақ процесс. Кішкентай оқушының мектепке нық үйреніп, дағдылануы үшін бір күн емес, бір апта емес, ұзақ уақыт қажет болады

Ресурстар:(құралдар, мәліметтер)

Әңгіме барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Тыныштық сәті

Психологтің сөзі: Балалар мектеп бұл біздің екінші үйіміз. Сол себепті, осы оқу орнының тәртібін құрметтеп, мұғалімдердің айтқаның орындауымыз керек. Мына мекеменің қабырғаларында білім алып, ересек өмірге дайындалып жатқанымызды ұмытпағанымыз жөн. Мектеп – оқушыларға қанат беріп, ұшуды үйрететін жер. Бізге тек дұрыс бағытты таңдау ғана қалды.

Тыныштық мезеті:

Барлықтарыңыз көздеріңізді жұмыңыз. Сіз табиғаттың ең көркем жерінде екенін елестеңіз. Сіз жұмсақ, жасыл шалшықта жалаң аяқ жүрсіз. Жасыл шөп сіздің аяғыңызды сипап жатқан сезімде боласыз. Күннің көзі жер бетін қыздыруда. Сіз гүлдің, шөптің және балдың иісін сезесіз. Сіз әлі өзеннің сыңғырлағанын, көңілді құстар ән салып жатқанын естисіз. Тыныштықта тұрып, өзімізді тындайық, табиғат-анамызды тындайық. Алақандарыңызды күннің көзіне жайыңыз. Көк аспаннан және күзгі жердің суығы ағатын жылы күннің сәулелерін сезіңіз. Қазір біз көзімді ақырын ашып, басқа жаққа қарай қолымызды жайып, бізге өмір, денсаулық, қуаныш және жақсы көңіл күй сыйлаған Ана-Табиғатқа «Рахмет» деп айтамыз.

Сізге «тыныштық мезеті» ұнады ма? Табиғатта серуендегенде сізде қандай сезімді туды? Содан кейін оқушылардан сұрақтар арқылы мектеп туралы пікірлерің, мектепке деген көз қарасын анықтадым.

Өнгіме тренинг сонында оқушылар дөңгеленіп күн сияқты отырады. Күн айналасына жылу шашады. Күн бар жерде әдемі гүлдер де бар. Ендеше мен сендерге гүл сыйлағым келеді. Гүлдегі тілектерді бір бірімізге оқып берейікші.

- 1.Жасағның тек жақсылық болсын!
- 2.Не оқысан да,ықыласпен оқы!
- 3.Жақындарына қамқор бол!
- 4.Білім алу парыздарың!
- 5.Мейірлене оқы!
- 6.Білімді көкірегіне тоқы!
- 7.Көкірек көздерін ашық болсын!
- 8.Ар-ұятты ойлаңдар!
- 9.Ұстаздың еңбегін бағала!
- 10.Жақсы мен жаманда ажырат! т.б.

Қорытынды: Оқушыларға мектеп ұнайды, бір аптаның ішінде бір бірімен жақын танысып, оздеріңе доста тауып үлгеріпті.

Ұсыныстар: Бірінші сынып оқушыларына ең бірінші сабақтан бастап мектепке деген жағымды әсер қалдыру үшін, бірінші сынып оқушылары өміріндегі ең бір өзгермелі кезеңі болып табылатын мектепке бейімделуі кезеңі сәтті өтуі үшін және шешуі қиын мәселелер пайда болған балаларға көмектесуге арналған, бірінші сынып оқушыларын мектепке бейімдеуге бағытталған "Сәлем мектеп – бұл мен!" арнайы бағдарламаның маңызы зор.

Психолог :  Харисова А.А.